

## **Жеке жобалар бойынша жекешелендіруді жүзеге асыру үшін консалтинг фирмаларын тарту туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 12 мамыр 1995 ж. N 658

Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға (II кезең) арналған Ұлттық бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1993 жылғы 6 желтоқсандағы N 4/18 қаулысымен бекітілген Жеке жобалар бойынша жекешелендіруді жүзеге асыру үшін консалтинг фирмаларын тарту жөніндегі конкурстар туралы ереже негізінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Жеке жобалар бойынша жекешелендірудің стратегиялық жоспарын жасау үшін мына объектілер:

Ермак ферроқорытпа зауыты мен Павлодар мұнай өңдеу зауыты алынсын, сондай-ақ олардың инвестициялық құнын бағалау мен тендер жүргізу үшін жоғарыда аталған жұмыстарды атқарудағы Үкіметтің консультанты болып "Қазкоммерцбанк" акционерлік банкі тағайындалсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару

жөніндегі мемлекеттік комитеті тендерді орағыта өтіп меншік құқығын беру мүмкіндігін болғызбайтындай етіп, консалтингтік қызмет көрсетуін жүзеге асыру үшін "Қазкоммерцбанк" акционерлік банкімен контракт әзірлеп, оны бекітетін болсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі